

**«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы
бойынша білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
2022 жылдың қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі
талдау жүргізу бойынша**

АНЫҚТАМА

«23» ақпан 2023 жыл

Қызылорда қаласы

1. «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – «Балапан» бөбекжай балабақшасы) қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығына Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бекітілген әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды «Балапан» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі Г.Т.Алтынбекованың 2023 жылғы 18 қаңтардағы №9 бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмысшы тобы жүргізді.

Жұмысшы тобының құрамы:

«Балапан» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: Алтынбекова Гულიмира Тойлыбековна;

«Балапан» бөбекжай балабақшасының әдіскері, комплаенс қызметкері: Саутбаева Орынкуль Мадиевна;

«Балапан» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі, кәсіподақ төрайымы: Махатова Гүлжан Бәйтемірқызы;

«Балапан» бөбекжай балабақшасының хатшысы: Боранбаева Асел Бекбулатовна.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық

тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша 2022 жылдың қорытындысымен талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

Сипаттама бөлімі:

1. «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Облыстық заңды тұлғалардың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 13 қаңтардағы №180 қаулысына сәйкес қайта аталды.

3. «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысының әкімдігі атынан Кәсіпорынның құрылтайшысы ретінде әрекет етеді.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, индексі 120007, Қызылорда қаласы, Белкөл кенті, «Жаңа» шағын ауданы, құрылыс 13.

«Балапан» бөбекжай балабақшасының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді зерделеді.

«Балапан» бөбекжай балабақшасы қызметіне келесідей НҚА пайдаланылады:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі;

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы;

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Кодексі;

«Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығы.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы.

1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;

«Балапан» бөбекжай балабақшасында жалпы қызметкерлер саны –44. Оның ішінде педагог қызметкерлер бойынша – 21, техникалық қызметкер - 23, оның ішінде 3 қызметкер (2-педагог, 1-тех.қызметкер) бала күтіміне байланысты демалыста.

Педагог шебер -0, педагог-зерттеуші - 3, педагог сарапшы - 3, педагог-модератор - 3, жоғары санатты - 2, бірінші санатты - 2, екінші санатты - 0,

санатсыз саны 8. Жоғары білімді - 19, арнаулы орта білімді - 3. Педагогика ғылымының магистрі - 0.

2022 жылы жұмысқа қабылданған қызметкерлер: осы оқу жылында «еңбек.kz» арқылы 2 тех.қызметкер жұмысқа қабылданған. Атап айтқанда, балабақша меңгерушісі Г.Т.Алтынбекованың 2022 жылдың 5 қыркүйегіндегі №130 бұйрығымен шаруашылық меңгерушісі лауазымы бойынша Ж.Мәді, 2022 жылдың 30 қарашасындағы №170 бұйрығымен жұмысшы лауазымы бойынша А.Идрисова қабылданды.

2022 жылы жұмыстан босатылғандар: «Балапан» бөбекжай балабақшасы меңгерушісі Г.Т.Алтынбекованың 2022 жылдың 24 қаңтарындағы №9 бұйрығымен балабақша хореографы А.Бегимова өз өтініші негізінде атқарып жүрген қызметінен босатылды.

«Балапан» бөбекжай балабақшасы меңгерушісі Г.Т.Алтынбекованың 2022 жылдың 17 мамырындағы №54 бұйрығымен балабақшаның шаруашылық меңгерушісі Р.Оразмахан өз өтініші негізінде атқарып жүрген қызметінен босатылды.

«Балапан» бөбекжай балабақшасы меңгерушісі Г.Т.Алтынбекованың 2022 жылдың 04 қарашасындағы №164 бұйрығымен балабақша жұмысшысы З.Кайнарбаева зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты өз өтініші негізінде атқарып жүрген қызметінен босатылды.

2022 жылы Тәртіптік жауапкершілікке қатысты: «Балапан» бөбекжай балабақшасы меңгерушісі Г.Т.Алтынбекованың 2022 жылдың 02 маусымындағы №72 бұйрығымен емдәмбике Ү.Еңсеповаға мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтану жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына талдау жүргізу нәтижесінде заңбұзушылық орын алуына байланысты «сөгіс» түріндегі тәртіптік жазасы қолданылды.

Бұл сала бойынша заң талаптары бұзылмаған, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеген.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу;

«Балапан» бөбекжай балабақшасын талдау кезеңінде сыйақы алу рәсімдеріне талдау жүргізілді. «Балапан» бөбекжай балабақшасы меңгерушісінің 2022 жылдың 30 желтоқсанындағы №180 бұйрығына сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 107-бап, 3 тармағына сәйкес өндіріс тиімділігі мен орындалатын жұмыстардың сапасын жоғарылатуға мүдделілігін арттыруды күшейту мақсатында балабақша қызметкерлеріне үнемделген қаражаттан сыйақы берілген.

Заңдылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде басшылық құрамға және қызметкерлерге қатысты арыз-шағымдар түспеген.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету;

«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығына сәйкес (Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 маусымда № 20883 болып тіркелді) жүргізіледі.

«Балапан» бөбекжай балабақшасында барлығы 160 тәрбиеленуші бар. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша көрсетілген мерзім аралығында электронды түрде 108 бала өтінішпен қабылданған.

Ішкі талдау барысында саланың бұл талаптарымен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

«Балапан» бөбекжай балабақшасына бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары қарастырылмаған.

5) Бақылау функцияларын іске асыру;

«Балапан» бөбекжай балабақшасында бақылау қадағалау функциялары жүзеге асырылмайды.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу;

«Балапан» бөбекжай балабақшасы бойынша 2022 жылға жалпы қаралған бюджет 117207 мың теңге.

2022 жыл қорытындысымен 117207 мың теңге игерілді. Оның ішінде:

111 ерекшелік бойынша еңбек ақыға - 83496 мың теңге,

113 ерекшелік бойынша өтемақы төлемдеріне - 14716 мың теңге,

121 ерекшелік бойынша әлеуметтік салыққа - 3400 мың теңге,

122 ерекшелік бойынша мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар - 2362 мың теңге,

124 ерекшелік бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға - 2116 мың теңге,

149 ерекшелік бойынша өзге де тауарлар сатып алуға - 2714 мың теңге,

151 ерекшелік бойынша коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге - 5491 мың теңге,

152 ерекшелік бойынша байланыс қызметтеріне ақы төлеуге - 248 мың теңге,

159 ерекшелік бойынша өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеуге - 2664 мың теңге.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасау;

2022 жылдың қорытындысымен «Балапан» бөбекжай балабақшасына жазбаша түрде жеке тұлғалардан, заңды тұлғалардан – өтініштер келіп түскен жоқ.

«Балапан» бөбекжай балабақшасы меңгерушісінің жеке қабылдауы тұрақты өткізіліп тұрады.

Жеке қабылдаулар бойынша көрсетілген мерзімде азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдап, ата-аналардың өтініштері тыңдалды. Қабылдауға келген әрбір тұрғынның мәселесі жеке қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалды.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI ҚРЗ Кодексінің 89-бабының 2-тармағы бойынша хабарға, ұсынысқа, үн қосуға, сұрау салуға жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай

отырып, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде мазмұны бойынша негізделген және уәждеделген болуға, оның қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндіріле отырып, арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс.

Сонымен қатар «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен өтініштер саны – 1. Бұл өтініш бойынша ұсыныс хат иесімен сөйлесіп, электрондық жүйе арқылы жауап берілді.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралап, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 3 шілдедегі №410 бұйрығының 1-тарауының 3 тармағына сәйкес: ақпараттық жүйелер және байланыс жүйелері заңды және жеке тұлғаларға, мемлекеттік органдарға өзекті ақпарат ұсыну, электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсету, ақпараттық алмасуды қамтамасыз ету, қызметті үйлестіру, басқару процестерін оңтайландыру мақсатында құрылады және жұмыс істейді. «Балапан» бөбекжай балабақшасының сайты: <https://balapan.bb.testim.kz/> арқылы балабақша туралы өзекті ақпарат ұсынылып отырады; электрондық поштасы: balapan16_1991@mail.kz арқылы ақпараттық алмасу қамтамасыз етіледі; Facebook парақшасы: [Балапан Бөбекжай Балабақшасы Қызылорда](#) арқылы балабақшаның тынысы туралы түрлі ақпараттар жарияланып отырады.

9) Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Мемлекеттік сатып алу бойынша 18 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттары «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ Заңындағы талаптарды сақтай отырып жасалды.

Оның ішінде, балабақшаның коммуналдық қызметтеріне байланысты бір көзден алу тәсілімен 4 дана мемлекеттік сатып алу келісім-шарттары жасалды. Атап айтқанда:

021240001695/220001/00 - №1 санды келісім-шарты "Энергосервис" еншілес жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен электрлік энергия жеткізу қызметін алуға,

021240001695/220002/00 - №2 санды келісім-шарты "Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қызылорда жылу электрорталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен балабақшаны жылу энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында жасалды,

021240001695/220003/00 - №3 санды келісім-шарты Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Арал" салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы" филиалымен балабақшаны суық сумен қамтамасыз ету мақсатында,

021240001695/220004/00 - №4 санды келісім-шарты Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті "Нұра топтық су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Арал" салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы" филиалымен балабақшаның кәріз жүйесінің қызметін алу мақсатында жасалып, жыл бойы аталған коммуналдық қызметтер толықтай алынып отырды.

Балабақшаға қажетті байланыс пен интернет қызметтерін алу мақсатында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырып, келесі келісім-шарттар жасалды:

021240001695/220010/00 - №10 санды келісім-шарты негізінде "Қазақтелеком" акционерлік қоғамымен байланыс қызметі алынып, ал 021240001695/220008/00 - №8 санды келісім-шарты негізінде "Сәтті Телеком" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі интернет қызметімен қамтамасыз етіп отырған.

Сондай-ақ, қоқыстар мен зиянсыз қалдықтарды шығару мақсатында Муратбеков ЖК-мен 021240001695/220007/00 - №7 санды келісім-шарты жасалып, қызметтері толықтай алынды.

Балабақша жұмысын жүргізу мақсатындағы қажетті басқа да қызметтерді алу мақсатында барлығы 10 келісім шарт жасалынып, оның ішінде 5 келісім-шарт баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған:

021240001695/220006/00 - №6 санды келісім-шарты ПЦН 112 ЖК-мен жылыту жүйесін шаю және қысыммен тексеру бойынша қызметін алуға,

021240001695/220011/00 - №11 санды келісім-шарт негізінде "Infiniti Energy Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен балабақшаның электр жүйелеріне энергетикалық сараптама жүргізіліп, сараптама қорытындысы алуға,

021240001695/220019/00 - №17 санды келісім-шарты негізінде "Еңбек" ЖК-мен санитарлық қызметтерге қатысты дезинфекция, дезинсекция және дератизация қызметтері алынды.

021240001695/220024/00 - №23 санды келісім-шарты ПЦН 112 ЖК-мен жасалып, қорғау объектісіне, яғни балабақша ғимаратына өрт қауіпсіздігі саласында аудит жүргізіліп, қорытындысы алынды.

021240001695/220025/00 - №24 санды келісім-шарты "Standart ORDA" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен объектілік деңгейдегі ескерту жүйелерін (дауысты хабарландыру жүйесін) орнату бойынша жұмыстар жасалды.

Басқа да қызметтерді бір көзден алу тәсілімен 4 дана мемлекеттік сатып алу келісім-шарттары жасалып, оның ішінде, Мемлекеттік сатып алудың талаптарына сәйкес жыл басында "Электрондық қаржы орталығы" акционерлік қоғамымен 021240001695/A0BDMT/00 санды келісім-шарты ақпараттық ресурстарға қол жеткізу қызметін алу мақсатында жасалып, мемлекеттік сатып алу порталына қол жеткізіліп отырған.

Сонымен қатар, 021240001695/220005/00 - №5 санды келісім-шарты "JSoft" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Қазына бағдарламасын енгізу, оқыту және сүйемелдеу қызметін алу,

021240001695/220022/00 - №21 санды келісім-шарты ЮСУПОВА ЖК-мен мемлекеттік сатып алу заңдылықтарын талқылауға қатысты семинарға қатысу,

021240001695/220023/00 - №22 санды келісім-шарты "Websoft Qazaqstan" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен балабақшаға жеке сайт құруға ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті ұсыну бойынша қызметтер алынды. алу мақсатында жасалып, жоғарыда аталған барлық қызметтер алынды.

Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен 2 дана мемлекеттік сатып алу келісім-шарты жасалды. Олар:

021240001695/220009/00 - №9 санды келісім-шарты "Стандарт" өндірістік кооперативімен Жылудың өлшегіш құралын тексеру және орнату қызметін алуға,

021240001695/220021/00 - №18 санды келісім-шарты "ШАХ" ЖК-мен Дабыл түймесін орнату мақсатында жасалды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы М.Егембердиевтің 2022 жылғы 1 ақпандағы №39 аудиторлық іс-шараны жүргізуге берілген тапсырмасы негізінде 2022 жылдың 31 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 15 маусымын қоса алғанда «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға» бөлінген қаржының мақсатты жұмсалуды негізділігіне Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкестігіне жоспардан тыс аудиторлық іс-шара жүргізілді. Нәтижесінде аудит бағдарламасында қаралған сұрақтар бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

«Балапан» бөбекжай балабақшасында мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған.

Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны атқарып келген қызметтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынды.

«Балапан» бөбекжай балабақшасы»

КМҚК-ның меңгерушісі: _____ Г.Т.Алтынбекова

Сонымен қатар, 021240001695/220005/00 - №5 санды келісім-шарты "JSoft" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Қазына бағдарламасын енгізу, оқыту және сүйемелдеу қызметін алу,

021240001695/220022/00 - №21 санды келісім-шарты ЮСУПОВА ЖК-мен мемлекеттік сатып алу заңдылықтарын талқылауға қатысты семинарға қатысу,

021240001695/220023/00 - №22 санды келісім-шарты "Websoft Qazaqstan" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен балабақшаға жеке сайт құруға ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті ұсыну бойынша қызметтер алынды. алу мақсатында жасалып, жоғарыда аталған барлық қызметтер алынды.

Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен 2 дана мемлекеттік сатып алу келісім-шарты жасалды. Олар:

021240001695/220009/00 - №9 санды келісім-шарты "Стандарт" өндірістік кооперативімен Жылудың өлшегіш құралын тексеру және орнату қызметін алуға,

021240001695/220021/00 - №18 санды келісім-шарты "ШАХ" ЖК-мен Дабыл түймесін орнату мақсатында жасалды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы М.Егембердиевтің 2022 жылғы 1 ақпандағы №39 аудиторлық іс-шараны жүргізуге берілген тапсырмасы негізінде 2022 жылдың 31 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 15 маусымын қоса алғанда «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға» бөлінген қаржының мақсатты жұмсалуды негізділігіне Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкестігіне жоспардан тыс аудиторлық іс-шара жүргізілді. Нәтижесінде аудит бағдарламасында қаралған сұрақтар бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

«Балапан» бөбекжай балабақшасында мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған.

Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны атқарып келген қызметтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынды.

«Балапан» бөбекжай балабақшасы»
КМҚК-ның меңгерушісі:



Г.Т.Алтынбекова

Г.Т.Алтынбекова

«Балапан» бөбекжай балабақшасының Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері:

Саутбаева Орынкуль Мадиевна	әдіскер, комплаенс-қызметкері
Махатова Гүлжан Бәйтемірқызы	тәрбиеші, кәсіподақ төрайымы
Боранбаева Асел Бекбулатовна	хатшы

9

«Балапан» бөбекжай балабақшасының Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері:

Саутбаева Орынкуль Мадиевна		әдіскер, комплаенс-қызметкері
Махатова Гүлжан Бәйтемірқызы		тәрбиеші, кәсіподақ төрайымы
Боранбаева Асел Бекбулатовна		хатшы